

Жамбыл облысында АН-2 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 11 қаулысы

2015 жылғы 20 қаңтарда Жамбыл облысында АН-2 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда 2015 жылғы 20 қаңтарда Жамбыл облысында АН-2 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кірісіп, ұшақтың құлауы себептерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы Ж.М. Қасымбек ұшақтың құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру нәтижелері мен қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 21 қаңтардағы
№ 11 қаулысына
қосымша

Жамбыл облысында АН-2 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.03.2015 № 117 қаулысымен.

Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы	Қазақстан Инвестициялар вице-министрі, басшы	және	Қазақстан Республикасының даму	Инвестициялар бірінші
Мұқтыбаев Серік Хамитұлы	Қазақстан және даму авиация орынбасары, басшының орынбасары		Республикасының министрлігінің комитеті	Инвестициялар Азаматтық төрағасының

Тілеуғалиев Ыбырай Әшімханұлы	Қазақстан прокуроры	Республикасының	Бас	көлік
Орынбеков Бекболат Серікбекұлы	Жамбыл орынбасары	облысы	әкімінің	бірінші
Арғындыков Дәулет Рашидұлы	Қазақстан сақтау вице-министрі	Республикасының және	әлеуметтік	Денсаулық даму
Бейсен Назарбек Есіркепұлы	Қазақстан сақтау министрлігі фармацевтикалық комитетінің төрағасы	Республикасы және	әлеуметтік Медициналық қызметті	Денсаулық даму және бақылау
Данилов Бағдат Жұмаұлы	Қазақстан министрлігінің жағдайлар орынбасары	Республикасы Жамбыл департаменті	Ішкі облысы	істер Төтенше бастығының
Арғынбаев Бауыржан Мұхалиұлы	Қазақстан министрлігі департаменті бастығының орынбасары	Республикасы Көліктегі	Ішкі ішкі	істер істер
Аққұлов Нұрлан Тыныстанұлы	Қазақстан және даму оқиғалар мен басқармасының басшысы	Республикасы министрлігі оқыс оқиғаларды	Инвестициялар Авиациялық	тексеру
Шүлімбеков Серік Амангелдіұлы	«Қазаэронавигация» ұйымдастыру жөніндегі директоры	РМК	Әуе	қозғалысын
Круч Владимир Александрович	«ОлимпЭйр» директоры	авиакомпаниясы»		ЖШС
Бижанова Гүлнар Қадыржанқызы	«Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Құқықтық бақылау департаментінің директоры (келісім бойынша)			
Тілемісов Төрекожа Төлеубайұлы	«Кәсіп Қазақмыс» тау-кен, металлургия және аралас өндірістері қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша).			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК